[illegible] "Айгүл" бөбекжай бақшасы

# Алғыс саған, Алтын күз!

Тәрбиеші: Бейсова Гүлзира
Урпетемова Санията

Топ: "Балауса" ересек тобы

2024 – 2025 оқу жылы

Бекітемін
Ә.Ерғашова

## Алғыс саған, Алтын Күз

Балалардың күз мезгілі туралы алған білімдерін тиянақтау, күз ерекшеліктерін, күз сыйын ұғындыра отырып, балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау.

**Көрнекіліктер:** Залдың іші күз мерекесіне сай безендірілген. Мысалы: шиырма - құстың, ағаштың, жапырақтың суреттері, күз жәрмеңкесі, яғни - жемістер мен көкөністер салынған себеттер.

**Жүргізуші:**

Қуандырып біздерді,

Мерекелі күз келді.

Кел жемісті алтын күз

Кемелденсін халқымыз.

Құрметті ата-аналар, балалар, тәрбиешілер **«Алғыс саған, Алтын күз»** атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

**Жүргізуші:** Шоғы толған гүлдей жайнап,

Шақырады жарқын жүз.

Сайрандаған күліп-ойнап,

Келді міне алтын күз.

**І) Қызықтыру сәті:** залға **«Күз ханшайымы»** кіреді.

**Күз ханшайымы:** Сәлеметсіңдер ме балалар!

- Мені таныдыңдар ма?
- Не тойлап жатсыңдар?
- Күз туралы және он ың ерекшеліктері туралы кім біледі?

***Балалардың жауабы:*** Күзде табиғат ерекше күйге енеді. Жапырақтар сары, қызыл болса, алқаптағы шөптер қоңыр, сарғыш түске боялады, құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Күн біртіндеп қысқарады, жауын –шашын көбейіп, күн суытады. Күзде жеміс-жидектер, көкөністер, бақша дақылдары, егістіктегі астық пісіп, қамбаларға жиналады. Күз мезгілінде 3 ай бар, олар: қыркүйек, қазан, қараша.Күз - жылдың берекелі мезгілі.

**Күз ханшайымы:** - Ой жарайсыңдар балалар

II) **Жүргізуші:** Жарайсыңдар, балалар. Ендеше Күз мезгіліне арнаған тақпақтарыңды айта қойыңдаршы.

**Ақмарал:**Күз келді қарашы,
Айнала сап – сары.
Астыққа толтырды,
Диқандар қамбаны.
**Айшабибі:**
Бау – бақшаны жинаймыз,
Дәруменге тоймай біз.
Жемістермен жидекті,
Балаларға сыйлаймыз.
**Ясина:** Мерекелі күз келді,
Берекелі күз келді.
Астық толып қамбаға,
Қуанышты ел енді.
**Ахметәли:** Қарашы күз келді,
Сап – сары бақтарда.
Құстарда қайтады,
Жып – жылы жақтарға.
**Айсұлтан:** Күз көңілсіз демеңдер,
Ол молшылық берекең.
Қысқа азық беретін,
Қолы жомарт кең екен.
**Аршат:** Күздің әнін суық жел,
Көңілсіз бір салады.
Аспан бұлтты жасыл жер,
Сап сары боп барады.
**Медина:** Ән салыңдар келіңдер,
Жайнап гүлдей жүріңдер.
Күздің тойын тойлайық,
Би билейік ойнайық.
**Хақназархан:** Алқаптан бидайды,
Қоймаға ел жинайды.
Тырнасы тізілген,
Ұнатамын Күзді мен.

**-Күз Ханшайымы: Жарайсыңдар**, балалар, недеген тамаша. Балалар, ойын ойнауға қалай қарайсыңдар.

**- *Балалар:*** - Иә, ойнаймыз. **«Жемістер мен көкөністердің дәмін ажырата білесіңбе?»** ойыны

***III)* Жүргізуші:** Біреу астық түсіріп

Біреу бидай ұшырып

Жатқан мезгіл күз екен

Алдым соны түсініп – дей отырып келесі ән шашуымызды қабыл алыңыздар.

IY) **«Күз келді» ХОР.**

**Аяла:** Берекесін сыйлауға,
Өлкемізге күз келді.
Жемістерін жинауға,
Шақырады біздерді.

**Әлімжан:** Сап сары маңай,
Сап сары тоғай.
Соңғы әнін айтып,
Құс кетті қайтып.

**Мүсілім:** Алақай! Алақай!
Шаттанды балақай.
Күз түсті, дән пісті,
Айтамыз алғысты.

**Айжан:** Сарғайды тоғай,
Сап сары маңай,
Соңғы әнін айтып
Құс кетті қайтып.

**Асылым:** Алтын сары қызыл көк
Алуан алуан жапырақ,
Күзгі бақта күлімдеп
Көз тартады атырап.

**Сырым:** Алқаптан бидайды,

Қоймаға ел жинайды.

Тырнасы тізілген,

Ұнатамын Күзді мен.

**Аслан:** Жапырақ ұшты,

Суықта түсті,

Сонда да бізге

Қызық көп күзде.

**Жүргізуші:** Күз ханшайымы біздің балаларымыздың өнерлері бұнымен шектелмек емес балаларымыз өте талантты қане төрлетіңіз біздің өнерімізді тамашалаңыз.

**Ү)** көрініс:

**Жүргізуші:**Жатыр дала жалтылдап,

Жаз шуағы мол құйды.

Күн астында алтын дән

Тербеледі толқиды

**ҮІ) Қырманға кел Қалқатай (Ұл балалар)**

**Күз ханшайымы:** Ой балалар менің көңіл-күйімді көтергендеріңе сендерге көп-көп рахмет. Өнерлерің үстем болсын өте талантты балалар екенсіңдер, келесі күз келгенше білімдеріңді де өнерлеріңді де өрістете беріңдер.

- **«Күз ханшайымы»** балаларға рахметін айтып қоштасады. Ал мен сендермен қош айтысамын, сау болыңдар. (Күз ханшайымы залдан шығып кетеді)

**ХОР: Күз тамаша**

**Жүргізуші:**

Берекелі бақ дәулет,

Арта түссін тойланып.

Сау болыңдар балалар,

Келгенше жыл айналып.

Демекші міне балалар күзде аяқталып қалды, енді қылышын сүйретіп қыс келмекші. Күзге айтарымыз берер сыйын жылдан-жылға көп болсын елде тыныштық болсын дейміз. Осымен **«Арайлы, Алтын Күз»** атты ертеңгілігіміз аяқталды көңіл қойып тыңдағандарыңызға к


саған-Алтын

